

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 27 ҚАРАШАДАҒЫ
ҚАУЛЫСЫ

1. Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариеваның «Университет Диссертациялық кеңестерінің жұмысы туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	1. Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариеваның «Диссертациялық кеңестерінің жұмысы туралы» анықтамасы – <i>назарға алынсын.</i>		
2	- Диссертациялық кеңестердің жұмысын жақсарту, докторанттарды дайындауды жетілдіру бағыты бойынша ұсыныс дайындап, қаңтар айындағы Ғылыми кеңеске ұсыну. - Желтоқсан айындағы Ғылыми кеңеске 2019 оқу жылын толық қорытындылап, Диссертациялық кеңестердің жұмысы туралы және жетілдіру мәселесі бойынша есеп берілсін. -Диссертациялық кеңестердің құрамын, төрағаларын үш жылға бекіту туралы ұсыныс дайындалсын.	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т.Құлсариева</i> , Ғылым департаментінің директоры <i>С.Қ.Сахиев</i> ,	15.01.2019 20.12.2019 20.12.2019

2. Тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі проректор Ж.Е.Ішпекбаевтың «2019/2020 оқу жылына жеңілдіктер алған студенттер тізімін бекіту туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Тәрбие және әлеуметтік ісі жөніндегі проректоры Ж.Е.Ішпекбаевтың «2019/2020 оқу жылына жеңілдіктер алған студенттер құрамын бекіту» туралы ақпараты - <i>назарға алынсын.</i>		
2	2019/2020 оқу жылына жеңілдіктер алған студенттер тізімі - <i>бекітілсін.</i>		

3. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры **Х.Н.Жанбековтің** 2019/2020 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша МЕК төрағаларын және бітіруші бакалавриат, магистратура мамандықтары бойынша МАК төрағаларын бекіту туралы анықтамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	2019/2020 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша МЕК төрағалары (төрайымы) бекітілсін.		
2	2019/2020 оқу жылына бітіруші бакалавриат, магистратура мамандықтары бойынша МАК төрағалары бекітілсін.		

4. 4.1 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Коммерциялық емес акционерлік қоғам (НАО) болып қайта құрылуына байланысты дайындалған жол картасы туралы ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1	«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – қоғам) болып қайта ұйымдастырылсын» деп жарық көрген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысына сәйкес Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Коммерциялық емес акционерлік қоғам (НАО) болып қайта құрылуына байланысты дайындалған жол картасы туралы ақпараты – назарға алынсын.		
---	--	--	--

4.2 Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры **Н.Әуесбекұлының** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне талапкерлерді қабылдау Ережесін бекіту туралы ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы
1	- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне талапкерлерді қабылдау Ережесі бекітілсін.	

4.3 Бас ғалым хатшы Ж.А.Сейсенбаеваның «**Университеттің қауымдастырылған профессоры және профессор қызметіне тағайындау конкурсының Ережесін бекіту туралы**» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы
1	- Университеттің қауымдастырылған профессоры және профессор қызметіне тағайындау конкурсының Ережесі бекітілсін.	

5. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор **М. Бектемесовқа** жүктелсін.



Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы

Т. Балықбаев
Ж. Сейсенбаева

Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева